

**«ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Депутаттарына**

**«Ақ жол» фракциясының мүшелеріне:**

**А. Перуашевқа**

**Д. Еспаеваға**

**К. Исаға**

**Е. Барлыбаевқа**

**С. Ерубаяевқа**

**Е. Бейсенбаевқа**

**«Amanat» фракциясының депутаты**

**М. Ескендіровке**

*2025 жылғы 28 наурыздағы № ДЗ-154 сұратуға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздердің цифрлық активтер саласын ырықтандыруға қатысты сауалыңызды қарап, мыналарды хабарлайды.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) тек «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) аумағында айналыста болуы мүмкіндігін көздейтін цифрлық активтерді реттеудің қазіргі заңнамалық моделі оны қабылдау сәтінде өзекті болды. Ол қажетті практикалық тәжірибе жинақтауға, шектеулі және реттелетін тізбек шеңберінде цифрлық активтерге тән тәуекелдерді бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысының цифрлық қаржы активтері айналысының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған толыққанды заңнамалық базаны қалыптастыру туралы тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ Ұлттық Банк жанында жұмыс істейтін Ведомствоаралық жұмыс тобының қазіргі шындық пен халықаралық трендтерді талдауын ескере отырып, Қазақстанда құқықтық инфрақұрылымды қалыптастыруға және цифрлық активтер индустриясын одан әрі дамытуға нақты тәсілдер әзірленді.

## **1. Цифрлық қаржы активтерін (бұдан әрі - ЦҚА) айналымға ендіру және қолданыстағы (дәстүрлі) қаржы құралдарын токендеу**

ЦҚА деп базалық активтерге байланыстырылып шығарылатын (*бағалы қағаздар, бағалы металдар, жылжымайтын мүлік және т.б.*) және құнын қамтамасыз ететін нақты активтерге талап ету құқығын білдіретін туынды цифрлық қаржы құралдар түсініледі.

Мұндай озық құралдар блокчейн және смарт-келісімшарттар технологиялары есебінен қаржы құралдарының шығарылымы мен айналысын жеңілдетуге, шығасыны төмендетуге, эмитенттердің инвесторларға тікелей қолжетімділігін қамтамасыз етуге, қаржыландыру көздерін кеңейтуге және капитал нарығын шағын және орта бизнесті қоса алғанда, жаңа қатысушылар үшін неғұрлым қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Нарықтың жаңа сегментінің толыққанды дамуы мен жұмыс істеуі өз инфрақұрылымын құруды және ЦҚА платформасының операторы (*ЦҚА бастапқы шығару және тіркеу*), ЦҚА бойынша сауда платформасының операторы (*ЦҚА биржалық саудасы*), кастодин (*ЦҚА қамтамасыз ету болып табылатын және/немесе оның құнына кепілдік беретін базалық активті сақтау ұйымы*) сияқты инфрақұрылымдық субъектілер пайда болуын талап етеді.

ЦҚА нарығын қалыптастыруды жеделдету үшін қаржы нарығының **қазіргі кездегі инфрақұрылымының**, атап айтқанда **Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің және қор биржасының (KASE)** әлеуетін оларға тиісінше ЦҚА платформасы операторының және ЦҚА бойынша сауда платформасы операторының функцияларын біріктіру мүмкіндігін бере отырып пайдалану жоспарлануда.

Қаржы нарығының жаңа сегментіндегі реттеушілік рөлі, атап айтқанда, ЦҚА нарығының инфрақұрылымдық субъектілеріне, ЦҚА-ны шығару және айналыс тәртібіне, талаптары мен режиміне қатысты бақылау-қадағалау функциялары Ұлттық Банкке және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне бекітілетін болады.

## **2. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) реттелетін айналымының ауқымын кеңейту**

Халықтың криптовалюталарды сатып алу-сату жөніндегі бөлшек операцияларға өсіп келе жатқан сұранысы жағдайында, сондай-ақ азаматтардың реттелмейтін шетелдік платформаларға кетуі салдарынан ұлттық юрисдикция шеңберінде осындай операцияларды жүзеге асыру үшін заңды және ашық арна құру қажеттігі туындайды. Бұл криптовалюталық транзакцияларды **көлеңкелі айналымнан** шығаруға, олардың **ашықтығын** қамтамасыз етуге, **тұтынушылардың құқықтарын қорғау** деңгейін арттыруға және цифрлық активтердің айналымына бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілгенді ескере отырып, бүкіл ел аумағында **жалпыұлттық деңгейде** қолданылатын криптовалюталарды айырбастау қызметінің лицензияланған провайдері арқылы криптоайналымын реттеу енгізілетін болады. Мұндай провайдер қызметін **бақыланатын ортада** жүзеге

асыратын және белгіленген заңнамалық талаптар шеңберінде криптовалютамен операция жүргізуді қамтамасыз ететін болады.

Сонымен қатар, криптовалюта айналымын кеңейтуде экономикалық мүмкіндіктер мен криптоактивтер нарығына тән тәуекелдерді ескеретін сараланған және теңестірілген тәсілді қолдану қажет болады. Аталған тәуекелдерге криптовалюта құнының жоғары құбылмалылығы, орталықтандырылған кепілдіктердің болмауы, сондай-ақ қаражатты алу мүмкіндігін жоғалту, деректердің тарап кетуі және бұзып кіру жағдайларын (мысалы, «Bybit халықаралық платформасына қатысты оқыс оқиға») қоса алғанда, қауіпті кибертәуекелдер жатады. **Кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыруды** қоса алғанда, криптовалюталарды заңсыз мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі де қосымша қауіп тудыруда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, азаматтарға реттелетін инфрақұрылым жұмысының бастапқы кезеңінде қаржылық және цифрлық сауаттылық деңгейі төмен адамдар үшін ықтимал тәуекелдерді төмендетуге бағытталған белгіленген лимиттер мен шектеулер шеңберінде ғана криптовалюталарды сатып алу мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында **криптовалюталарды төлем құралы ретінде пайдалануға салынатын тыйым** сақталады.

Сонымен қатар, жаңа ұлттық провайдердің АХҚО шеңберінде жұмыс істейтін цифрлық активтер қызметінің провайдерлерімен юрисдикция аралық интеграциясы криптовалюталар айналысының бірыңғай экожүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай модель заңды және қауіпсіз ортада цифрлық активтерді сақтау, айырбастау, олармен сауда мен операциялар жасауды қоса алғанда, ілеспе қызметтердің кеңінен қамтылуын қамтамасыз етеді.

### **3. Ұлттық валютамен қамтамасыз етілген цифрлық активті (стейблкоин) шығару**

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк цифрлық активті шығару мәселесін пысықтауда, оның негізін Ұлттық Банктің Цифрлық теңгесі (стейблкоин: Крипто-ЦТ) қамтамасыз етеді. Ұлттық Банктің Цифрлық теңге криптоаналогы бұл жағдайда цифрлық активтермен мәмілелер бойынша есеп айырысу құралы және нарықтың тұрақсыздығы кезеңінде цифрлық активтермен мәмілелер арасындағы құнды сақтау құралы ролін атқарады.

Бастаманы іске асырудың нақты моделі нарыққа қатысушылармен бірге Ұлттық Банктің реттеу ортасы негізінде жобаны іске қосудың әртүрлі нұсқаларын тестілеуден кейін айқындалатын болады.

### **4. Эксперименттік құқықтық режимдерді пайдалану**

Нарықтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және бақыланатын және қауіпсіз ортада жаңа озық сервистер мен құралдарды сынақтан өткізу мақсатында Ұлттық Банк жанынан цифрлық активтерді **реттеудің ерекше режимі** (реттеу ортасы) қалыптастырылады.

Тиісті заңнамалық түзетулер Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауында тұрған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту және қаржы қызметтерін тұтынушылардың

құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында көзделген.

Цифрлық активтер индустриясын дамытудың жоғарыда аталған бағыттары бойынша нақты заңнамалық түзетулерді Банктер туралы жаңа заң шеңберінде 2025 жылғы тамызда бастау жоспарлануда.

Елдің цифрлық активтерінің кешенді экожүйесінің әзірленген моделі цифрлық активтер нарығының инфрақұрылымдық субъектілері (*криптовалюталармен айырбастау операцияларының провайдерлері, ЦҚА платформаларының операторлары, кастодиандар, сондай-ақ криптобиржалар, брокерлер және АХҚО дилерлері*) базасында Криптобанктің жүзеге асыруы үшін ұсынылатын функцияларды (*айырбастау, сақтау, мәмілелерге қызмет көрсету*) көрсетуді көздеп отыр, олар цифрлық қызметтердің кең спектрін ұсынатын болады **Криптобанк атынан жеке субъект құрудың қажеттілігінсіз** халықаралық трендтерге сәйкес келеді.

Сонымен қатар әзірленген тәсілдер Криптобанк сияқты институционалдық ойыншы пайда болған кезде қолжетімді болуы мүмкін дәстүрлі қаржы қызметтеріне балама қызмет көрсету үшін қамтамасыз етілмеген криптовалюталарды пайдалану мүмкіндігін көздемейді, бұл параллель қаржы жүйесін қалыптастыру тәуекелдеріне, өтімділіктің әкетілуіне және азаматтардың қаржылық операцияларына кепілдік бере алмауына әкеледі.

Осыған байланысты **ЦҚА-ны айналымға енгізу** – қаржы инфрақұрылымын технологиялық жаңғырту үшін ғана емес, сонымен қатар халықтың қамтамасыз етілмеген криптоактивтерге өсіп келе жатқан қызығушылығына жауап ретінде **жүйелік стратегияның бір бөлігі**. Мақсаты – криптоәлемнің технологиялық мүмкіндіктерін қамтитын, бірақ оған тән тәуекелдерден айырылған қорғалған, ашық және функционалдық цифрлық экожүйені қалыптастыру.

Осылайша, цифрлық активтер нарығын дамыту бойынша әзірленген тәсіл, бір жағынан, инновациялық сервистерді ендіруге және нарықты дамытуды ынталандыруға, екінші жағынан тәуекелдерді бақылау есебінен макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты ұстап тұруға мүмкіндік беретін **теңгерімді сипатқа** ие.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде цифрлық активтер нарығын дамыту мәселесінде Ведомствоаралық жұмыс тобы **әзірлеген** тәсілді **ұстану** орынды деп санаймыз.

**Төраға**

**Т. Сүлейменов**

**«ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса  
Парламента Республики Казахстан**

**Членам Фракции «Ақ жол»:**

**Перуашеву А.  
Еспаевой Д.  
Иса К.  
Барлыбаеву Е.  
Ерубаяеву С.  
Бейсенбаеву Е.**

**Депутату фракции «Аманат»  
Искандирову М.**

*На запрос № ДЗ-154 от 28.03.2025 года*

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш запрос касательно либерализации сферы цифровых активов, сообщает следующее.

Текущая законодательная модель регулирования цифровых активов, предусматривающая возможность обращения необеспеченных цифровых активов (криптовалют) исключительно на территории Международного финансового центра «Астана» (далее – МФЦА), была актуальна на момент ее принятия. Она позволила наработать необходимый практический опыт и обеспечить контроль над рисками, присущими цифровым активам, в рамках ограниченного и регулируемого контура.

В соответствии с поручением Главы государства о формировании полноценной законодательной базы, направленной на развитие инфраструктуры обращения цифровых финансовых активов, а также с учетом анализа текущих реалий и международных трендов Межведомственной рабочей группой, функционирующей при Национальном Банке выработаны конкретные подходы

к формированию правовой инфраструктуры и дальнейшему развитию индустрии цифровых активов в Казахстане.

### **1. Введение в оборот цифровых финансовых активов (далее – ЦФА) и токенизация действующих (традиционных) финансовых инструментов**

Под ЦФА понимаются производные цифровые финансовые инструменты, выпускаемые в привязке к базовым активам (*ценные бумаги, драгоценные металлы, недвижимость и т. д.*) и выражающие права требования к реальным активам, обеспечивающим их стоимость.

Подобные передовые инструменты позволяют упростить выпуск и обращение финансовых инструментов за счет технологий блокчейн и смарт-контрактов, снизить издержки, обеспечить прямой доступ эмитентов к инвесторам, расширить источники финансирования и сделать рынок капитала более доступным для новых участников, включая малый и средний бизнес.

Полноценное развитие и функционирование нового сегмента рынка требует создания собственной инфраструктуры и появления инфраструктурных субъектов, таких как оператор платформы ЦФА (*первичный выпуск и регистрация ЦФА*), оператор торговой платформы по ЦФА (*биржевая торговля ЦФА*), кастоди (*организация по хранению базового актива, являющегося обеспечением ЦФА и/или гарантирующего его стоимость*).

Для ускорения формирования рынка ЦФА планируется использовать потенциал **действующей инфраструктуры** финансового рынка, в частности **Центрального депозитария ценных бумаг и фондовой биржи (KASE)** с предоставлением им возможности совмещения функции оператора платформы ЦФА и оператора торговой платформы по ЦФА соответственно.

Регуляторную роль за новым сегментом финансового рынка, в частности контрольно-надзорные функции в отношении инфраструктурных субъектов рынка ЦФА, порядку, условиям и режиму выпуска и обращения ЦФА будут закреплены за Национальным Банком и Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка.

### **2. Расширение регулируемого оборота необеспеченных цифровых активов (криптовалют)**

В условиях растущего спроса населения на розничные операции по купле-продаже криптовалют, а также вследствие ухода граждан на нерегулируемые зарубежные платформы, возникает необходимость создания в рамках национальной юрисдикции легального и прозрачного канала для осуществления таких операций. Это позволит вывести криптовалютные транзакции **из теневого оборота**, обеспечить их **прозрачность**, повысить уровень **защиты прав потребителей** и усилить контроль за оборотом цифровых активов.

С учетом вышеуказанного, будет введено регулирование криптооборота на территории всей страны через лицензированного провайдера услуг по обмену криптовалют, действующего **на общенациональном уровне**. Такой провайдер будет осуществлять деятельность **в контролируемой среде** и обеспечивать проведение операций с криптовалютами в рамках установленных законодательных требований.

В то же время расширение оборота криптовалют требует применения взвешенного и сбалансированного подхода, учитывающего как экономические возможности, так и присущие рынку криптоактивов риски. К числу таких рисков относятся: высокая волатильность стоимости криптовалют, отсутствие централизованных гарантий, а также значительные киберриски, включая потерю доступа к средствам, компрометацию данных и случаи взлома (например, инцидент с международной платформой «Bybit»). Дополнительную обеспокоенность вызывает возможность использования криптовалют в незаконных целях, включая **отмывание доходов и финансирование терроризма**.

Учитывая вышеизложенное, на первоначальном этапе функционирования регулируемой инфраструктуры гражданам будет предоставлена возможность приобретения криптовалют исключительно в рамках установленных лимитов и ограничений, направленных на снижение потенциальных рисков для лиц, не обладающих достаточным уровнем финансовой и цифровой грамотности. При этом сохраняется действующий **запрет на использование криптовалют в качестве средства платежа** на территории Республики Казахстан.

Дополнительно, межюрисдикционная интеграция нового национального провайдера с провайдерами услуг цифровых активов, действующими в рамках МФЦА, позволит сформировать единую экосистему обращения криптовалют. Такая модель обеспечит доступ к широкому спектру сопутствующих сервисов, включая хранение, обмен, торговлю и операции с цифровыми активами в легальной и безопасной среде.

### **3. Выпуск цифрового актива, обеспеченного национальной валютой (стейблкоин)**

В настоящее время Национальным Банком прорабатывается вопрос выпуска цифрового актива, базовым обеспечением которого выступает Цифровой тенге Национального Банка (стейблкоин: Крипто-ЦТ). Крипто аналог Цифрового тенге Национального Банка в данном случае выполняет роль инструмента расчетов по сделкам с цифровыми активами и средства сохранения стоимости между сделками с цифровыми активами в период нестабильности рынка.

Конкретная модель реализации инициативы будет определена после тестирования различных вариантов запуска проекта на базе регуляторной песочницы Национального Банка совместно с участниками рынка.

### **4. Использование экспериментальных правовых режимов**

В целях обеспечения постоянного развития рынка и апробации новых передовых сервисов и инструментов в контролируемой и безопасной среде при Национальном Банке формируется **особый режим регулирования** (регуляторная песочница) по цифровым активам.

Соответствующие законодательные поправки предусмотрены в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития финансового рынка и защиты прав потребителей финансовых услуг», который находится на рассмотрении Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

Конкретные законодательные поправки по вышеуказанным направлениям развития индустрии цифровых активов планируется инициировать в рамках нового Закона о банках в августе 2025 года.

Разработанная модель комплексной экосистемы цифровых активов страны уже предполагает оказание предлагаемых для осуществления Криптобанком функций (*обмен, хранение, сопровождение сделок*) на базе инфраструктурных субъектов рынка цифровых активов (*провайдерами обменных операций с криптовалютами, операторами платформ ЦФА, кастодианами, а также криптобиржами, брокерами и дилерами МФЦА*), которые будут предоставлять широкий спектр цифровых услуг, соответствующих международным трендам, **без необходимости создания отдельного субъекта в лице Криптобанка.**

Вместе с тем, разработанные подходы не предусматривают возможности использования необеспеченных криптовалют для оказания альтернативных традиционными финансовым сервисам услуг, которые могут стать доступными при появлении такого институционального игрока как Криптобанк, что приводит к рискам формирования параллельной финансовой системы, оттоку ликвидности и невозможности гарантирования финансовых операций граждан.

**Запуск в оборот ЦФА** в этой связи является **частью системной стратегии** – не только для технологической модернизации финансовой инфраструктуры, но и как **ответная мера на растущий интерес** населения к необеспеченным криптоактивам. Целью является формирование защищенной, прозрачной и функциональной цифровой экосистемы, вобравшей в себя технологические возможности криптомира, но лишенной присущих ему рисков.

Таким образом, разработанный подход по развитию рынка цифровых активов носит **сбалансированный характер**, позволяющий, с одной стороны, внедрять инновационные сервисы и стимулировать развитие рынка, а с другой – удерживать макроэкономическую и финансовую стабильность за счет контроля рисков.

На основании вышеизложенного считаем целесообразным **придерживаться** в вопросе развития рынка цифровых активов **выработанного** Межведомственной рабочей группой подхода.

**Председатель**

**Т. Сулейменов**

*Исполнитель: Молдабеков А.К.,  
тел: 8 717 2 77 53 62*